

Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы
Диссертациялық кеңес туралы Ереженің
№4 Қосымшасы

«8D02314 – Лингвистика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған Кульманова Зульфия Бекбулатовнаң
«Тіл мен дін контекстіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына реєсми рецензент
филология ғылымдарының докторы Сүйерқұл Ботагоз Мырзабайқызының
ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Тіл мен дін контекстіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы» тақырыбында орындалған диссертация мынадай мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес дайындалған:</p> <p>1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.6 Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы); 2) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 қаулысы);</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды , ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған .	<p>Диссертациялық жұмыс «қарыз бен парыз» концептілерінің мазмұны мен құрылымын социум өміріндегі аса маңызды екі фактор дін мен тілдің өзара байланысы негізінде анықтауга бағытталған. Осыған орай «қарыз бен парыз» концептілерінің адами-моральдік тұрғысынан алғандағы мәні, мағыналық және қолданыс ерекшеліктері, рухани құндылықтық көрсеткіштері теориялық негізде анықталған.</p> <p>Зерттеуші ғылыми тұжырымдамасында аталмыш концептілердің психологиялық, құрылымдық-мазмұндық модельдерін жасаған. Бұл ғылыми жаңалықтар ізденушінің аталмыш концептілер аясына</p>

			кіретін тілдік бірліктердің қогам өмірінің түрлі саласындағы қолданысын жан-жақты қарастырганын, зерттеудің кешенді жүргізілгенін байқатады. Сондықтан диссертациялық жұмыс қазақ тіл білімінің лингвоконцептология саласын жетілдіруге елеулі үлес қосқан, оның қазіргі діни дискурсты pragmatикалық қырынан қарастырудың маңыздылығы зор екені дәйектелген.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертанттың жұмыстың өзі жазу деңгейі жоғары. Себебі ғылыми жұмыстың құрылымын менгергені байқалады. Тіл мен дін сабактастығына қатысты бұрын-сонды жүргізілген зерттеулер қамтылған, сүйенген материалдары дәйекті. Зерттелуі қажет, маңызды мәселе дұрыс айқындалып, соған сәйкес әдіс-тәсілдер дұрыс тандалған. Диссертанттың ғылыми ойды жүйелеуі, мысалмен дәлелдеуі, тұжырымды мазмұнды жеткізуі ой жинақылығын көрсетеді. Ізденуші ғылыми стиль талаптарын менгерген. Жарияланымдары диссертация мазмұнына толық сәйкес келеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген. Күнделікті өмірде «қарыз» ұғымына қатысты ақпараттың жиі кездесетініне қарамастан, «парзы» ұғымының мазмұнын ашатын тілдік бірліктерге назар аудара бермейтініміз рас. Ізденушінің аталмыш ұғымдар жиынтығын құрайтын сандаган тілдік бірліктерді этникалық сарасанамыздағы орны мен маңызы тұрғысынан қарастырып, ұжымдық санамыздағы оларға артылған ауқымды семантикалық жүк пен pragmatикалық әлеуетті жан-жақты саралауға ұмтылуы аса құптарлық жайт. Демек, қазіргі қазақ тілдік санамызға оң немесе теріс ықпал ететін діни сауаттылығымызға, сондай-ақ қаржылық сауаттылық деңгейімізге елеулі әсерін тигизетін күрделі мәселе екенін дер кезінде анықтап, оларды шешу жолдарын көрсетуі диссертациялық жұмыстың қоғамда сұранысқа ие болып отырған өзекті мәселені талдауға қосқан үлесі деп қабылдау қажет.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды	Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының үш тарауы өзара ішкі

	<p>1) <u>айқындаиды</u>;</p> <p>2) жартылай айқындаиды;</p> <p>3) айқындаамайды</p>	<p>бірлікті сактаған, үш тарауда да «қарыз бен парыз» концептілерінің зерттелуі хронологиялық реттілікпен жүйеленген. Бірінші тарауда қазак гуманитарлық ғылымындағы діни танымның, тіл мен дін сабактастығының этномәдени кеңістікегі орны, ғалам бейнесіндегі тіл мен діннің бағалауыштық мәнін ашатын тілдік бірліктерге, діни мазмұндағы мәтіндерге қатысты зерттеулер мен тұжырымдар жіті талданып, зерттеушілер пікірі сараланып, ғылыми бағыттарына қарай топтастырылып ұсынылған.</p> <p>Екінші тарауда ғаламның діни бейнесіндегі «Қарыз, парыз» концептілерінің адами-моральдік мәні, ұлттық таным мен діни негіздері анықталып, аталмыш бинарлы концептінің психологиялық, құрылымдық-мазмұндық модельдері ұсынылған.</p> <p>Үшінші тарауда «Қарыз бен Парыз» концептілерінің лексика-семантикалық топтары, поэтикалық мәтіндерің қолданыстық ерекшеліктері, діни дискурстағы прагматикасының маңыздылығы анықталған.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p>1) <u>сәйкес келеді</u>;</p> <p>2) жартылай сәйкес келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p>	<p>Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және диссидентант іздену барысында қойылған мақсат-міндеттерге толық қол жеткізген. Диссидентант қазіргі адамтану бағытындағы ғылыми парадигмада «қарыз бен парыз» концептілерінің мазмұны мен құрылымын қоғамдағы тіл мен дін тоғысында талдауды, аталмыш жұптың концептуалдық мазмұнын анықтауды мақсат еткен. Осыған орай белгіленген міндеттерді рет-ретімен орындау арқылы мақсатына толық қол жеткізген деуге негіз бар. Атап айтқанда, диссидентант тіл мен дін сабактастығындағы «қарыз бен парыз» концептілерінің адами-моральдік мәнін, мағыналық, қолданыстық ерекшеліктерін, рухани құндылықтың көрсеткішін айқындаған. «Қарыз», «парыз» концептілерінің фреймдерін, семантикалық компоненттерін, логикалық модельдерін анықтап, этнос діліне, ұлт болмысына қатысты, лингвокогнитивтік, этнолингвистикалық ерекшеліктерін зерделеген. Қарыз, парыз тілдік бірліктерінің лексика-семантикалық</p>

		<p>топтарын анықтап, ішкі құрылымдық мазмұндық және рухани-мәдени, адами-моральдік, суггестиялық ерекшеліктерін жан-жақты сипаттаған. Нәтижесінде «қарыз», «парыз» концептілерінің поэтикалық мәтіндердегі тілдік презентациясына лингвофилософиялық аспектіде талдау жасаған.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан. Бірінші тарауда тіл мен дін сабакастығын зерттеудің жалпы ғылыми теориялық негіздеріне шолу жасаған. Қазақ тілі мен қазіргі діни дискурстагы «қарыз», «парыз» концептілерінің қалыптасу, толығу кезеңдерін сипаттауда тарихи реттілігі сакталған. Екінші тарауда «қарыз бен парыз» концептілерінің ғаламның діни бейнесіндегі көрінісін жан-жақты ашуға тырысқан. Үшінші тарауда «қарыз бен парыз» концептілерінің поэтикалық мәтіндердегі вербалдану сипатын арнайы қарастырған. Осылайша жұмыстың әрбір бөлімі мен тараушалары өзара логикалық байланыста жазылған деуге толық негіз бар.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген 	<p>Автор ұсынған жаңа шешімдерге қатысты сыни талдау бар. Ізденуші оларды бұрыннан белгілі шешімдермен салыстыра отырып, толықтырған. Мәселен, қазіргі қоғамдық санада орнығып, нарықтық экономика заңдылықтарына сай нормаға, стереотипке айналып үлгерген «қарыз» ұғымының тасада қалып бара жатқан екінші, діни қырына назар аударып, оның «парыз» ұғымымен астасатын тұстарына баса мән беріп, өзіндік сыни пікірін білдіріп, оны бұрын-соңды айтылып жүрген діни мәтіндер негізінде дәйектеген.</p> <p>«Қарыз бен Парыз» бинарлы концептісінің мазмұнындағы «міндет», «борыш», «несие», «алу/беру» етістігінен құралған тілдік бірліктерге, мысалы, «борыш» лексемасының семантикасы «қарыз бен парыз» концептісіне тең дәрежеде жұмсалатыны, «міндет» лексемасы «парыз» макроконцептісінің құрамына, ал «несие» мен «алу/беру» етістіктерінен құралған тілдік бірліктер «қарыз» макроконцептісінің құрамына енетінін зерделеп, олардың</p>

			<p>мағыналық шенберіндегі айырым белгілерін айқындаған.</p> <p>Қазіргі нарықта түрлі жарнамалық амалтәсілдер арқылы қогамдық сананы бұрмалау жолдарын пайдалану арқылы жалпыұлттық деңгейдегі проблемаға айналып отырған борышкерлік ұғымына қатысты «кредитоманияга бейім адамның» психологиялық бейнесін жасауы (106-б.), «Қарыз» концептісінің психологиялық бейнесін (107-б.), «Қарыз – Борыш – Парыз» ұғымдарының сабактастық алгоритмін ұсынуы (124-б.) жаңа шешімдер деп танылады.</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Мысалы, «Қарыз» концептісін «алу/беру» оппозициясы тұрғысынан модельдеуіндегі ерекшеліктің нақты айқындалуы, атап айтқанда, қарыз алуудың логикалық, діни тілдік және паремиологиялық моделін бөліп көрсетуі (102-103 бб. З-кесте), оны нақты тілдік санада қалыптасқан тұрақты оралымдар арқылы дәлелдеуі де жаңа.</p>
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Диссертациялық зерттеу нәтижесінде жасалған қорытындыларын толығымен жаңа деп санауга болады.</p> <p>1) Тіл мен дін сабактастығы мәселесі бұрын жалпы тіл білімінде, этнолингвистика, тарихи жазба ескерткіштер саласында қарастырылғанымен, ғалам бейнесіндегі тіл мен діннің аксиологиялық сипатын, «Қарыз, парыз» ұғымдарының жиынтығы туралы діндегі акпараттың берілуін (1.3 тарауша) кешенді түрде зерттеген алғашқы диссертациялық жұмыс. «Қарыз бен парыз» концептілерінің ғаламның діни бейнесіндегі тілдік репрезентациясын зерделеуі – толықжанды ғылыми жаңалық.</p> <p>2) «Қарыз бен парыз» лексемаларының семантикалық шенберіне үçіліп, олардың мағынасындағы діни компоненттің өектелу ерекшеліктері қарастырылады, қазақ тіліндегі «қарыз, парыз» бинарлы концептісінің прагматикалық ерекшеліктерін салғастырған. Бұл қорытынды да толығымен жаңа (2.1 т.).</p> <p>3) Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі «қарыз, парыз» ұғымдарының діни түсініктермен сабактастығы, өзіндік этникалық</p>

		<p>ерекшеліктері мен ұлттық дүниетанымдағы ерекшеліктерін зерттеуде бұрыннан бар материалдарға сүйенгенімен (2.2 т.), «Қарыз, парыз» концептілерінің психологиялық, құрылымдық-мазмұндық модельдерін жасағанда «жаман-жақсы», «жаңа-ескі», «бай-кедей» семантикалық оппозицияларына, «берекесіздік», «сынақ», «ар-ұят» сияқты лексемалардың семантикасындағы діни семалық компоненттерді барынша жіктеп талдау нәтижесінде жасаған тұжырымдары (2.3 т.) да толығымен жана.</p> <p>4) «Қарыз бен парыз» концептілерінің құрылымдық және мазмұндық бірліктері айқындалып, қазақтың этникалық сарасанасындағы «ғаламның діни бейнесіне» деген көзқарастары, тілдік және поэтикалық мәтіндердегі семантикалық, мәдени-танымдық, суггестиялық сипаттарын айқындауға қатысты жасаған қорытындылары (3 т.) да, бұрын-соңды арнайы зерттелмегендіктен, докторанттың тың тұжырымы болып табылады.</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе?</p> <p>1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мақсатына жету үшін қолданылған техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жана және ғылыми теориялық, практикалық тұрғыдан негізделген.</p> <p>Тіл мен дін тоғысындағы «қарыз, парыз» концептілерінің адами-моральдік мәнін, суггестиялық ерекшелігін көрсетіп, оларға тән шарттылық; «қарыз бен парыз» концептілерінің тілдік, діни мәтіндердегі семантикалық компоненттері, оларды салыстыргандагы тіл мен дінге ортақ модельдер; «қарыз бен парыз» концептілерінің психологиялық, құрылымдық-мазмұндық компоненттерінің жіктелуі; «қарыз бен парыз» концептілерінің лексика-семантикалық топтарының өзіндік ерекшеліктерін анықтауы жұмыстың басты жаңалығы болып танылады.</p>	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген</p>	<p>Диссертациялық жұмыста жасалған барлық қорытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелерде негізделген.</p> <p>Зерттеу қорытындылары тілдік, діни мәтіндерден алынған «қарыз», «парыз»</p>

			Ұғымдарын салыстырып, салғастырып кең көлемде талданған.
7.	Коргауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) <u>жок</u> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жок <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>ия</u>; 2) жок 	<p>Коргауға ұсынылған барлық қагидат дәлелденген. Себебі, нақты дереккөздерден алынған мысалдары мен дәйекті деректері айқын.</p> <p>Коргауға ұсынылған бірінші қагидат тривиалды емес:</p> <p>1. «Тіл мен дін контексіндегі «қарыз бен парыз» концептілерінің адами моральдік мәні субъективтік және объективтік міндеттеме ретінде көрініс тауып, «қарыз бен парыз» – семантикалық түргыда бір-бірінен мағыналық реңкі мен қолданыс аясының өзіндік ерекшеліктерімен адам санасында сан түрлі когнитивтік белгілерден тұратын суггестиялық сипаттағы шарттылық мәнді моральдік құндылыққа ие бірлік болып табылады» деген тұжырым (2.1 т.) отандық, шетелдік галымдардың зерттеулері, философиялық сөздіктер, теолингвистика саласында жүргізілген зерттеулер материалы негізінде, сондай-ак докторанттың «қарыз бен парыз» концептілерін талдау барысында жасалған тың тұжырым болып саналады. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде скопус базасына енген журналда жарияланған мақаласымен дәлелденген (Reflection of the religious worldview in language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, № 3. – P. 31-43.).</p> <p>2. «Қарыз бен парыз» концептілерінің рухани құндылығы этностың тұрмыстық дүниетанымында «азаматтық міндет», «мойындағы борыш/міндет», «жазылмаған занұлылық», «ар-ұяттың мазалауы», «абырой», «адами жауапкершілік» т.б. фреймдер негізінде, діни дүниетанымда «Алланың разылдығы», «Құдайдың қалауы», «шаригат заңы», «діни міндет» т.б. фреймдер негізінде этностың діни танымы діл болмысымен сабактасатыны лингвокогнитивтік бірлік екендігін көрсетеді» (2.3 т.) деген тұжырымы концептілік талдау негізінде анықталған. Травиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақала түрінде дәлелденген (Діни ұғым-түсініктердің тілдік сипаттамасы // Ш. Үәлиханов атындағы КМУ хабаршысы.</p>

			<p>«Филология ғылымдары» сериясы. 2020. – №4 (1). Б. 84-91.).</p> <p>3. «Қарыз бер Парыз» концептісінің лексика-семантикалық мазмұнындағы «міндеп», «борыш», «несие», «алу/беру» етістігінен құралған тілдік бірліктерінен: «борыш» лексемасының семантикасы «қарыз бер парыз» концептісіне тең дәрежеде жұмысалатыны, «міндеп» лексемасы «парыз» концептісінің құрамына, ал «несие» мен «алу/беру» етістіктерінен құралған тілдік бірліктер «қарыз» концептісінің құрамдық бөлігіне енетіні зерделеніп, олардың мағыналық мазмұнындағы дифференциациялық ерекшеліктері айқындалады» деген тұжырымы (3.1 т.) концептілік талдау барысында дәлелденген. Травиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақаламен дәйектелген (Reflection of the religious worldview in language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, № 3. – P. 31-43.).</p> <p>4. «Қарыз бер парыз» концептілері поэтикалық мәтіндерде этнолингвистикалық, лингвомәдени, аксиологиялық, когнитивтік түргыдан вербалданып, олардың семантикалық, когнитивтік сипатынан адами моральдік негіздегі бинарлық (қарыздың парызға, парыздың қарызға ұласуы) жүптарды, ал материалдық-заттық кеңістікте өзіндік (оппозициялық) ерекшеліктері бар рухани мәні басым концептілерді көруге болады» деген тұжырым (3.2-3.3 т.) талдау барысында дәлелденген. Травиалды емес. Жаңа. Қолданыс аясы кең. Мақаламен дәйектелген (Reflection of the religious worldview in language // International Journal of Society, Culture and Language. – 2022. – Vol. 10, № 3. – P. 31-43).</p> <p>Қорғауға ұсынылған қагидаттар дәлелденіп, 5 ғылыми мақалада көрініс тапқан.</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ија</u> ; 2) жок	Диссертациялық жұмыстың әдістемесін таңдау сапалы негізделген, қолданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауларында нақты сипатталған. Зерттеу жұмысының мақсат-міндептіне сай тілдік деректерді жаппай іріктеу, талдау, жіктеу, сипаттау сияқты жалпы ғылыми әдістермен қатар, концептілік талдау,

			дискурстық талдау, лингвапрагматикалық әдіс тиімді пайдаланылған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ија;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері фразеологизмдерді жаңа үлгіде семантика тұрғысынан FrameNet корпусында талдау жасау жолымен жүзеге асырылған. Қазіргі кезде әлемдік деңгейде дамыған тілдердің барлығы корпустық лингвистикада FrameNet жобасы аясында зерттелуде және осы мәселе алғаш рет қазақ тіліне қатысты қолданыс тапқан. Ізденушінің зерттеу нәтижесінде жасаған тұжырымдары жұмыста 16 сурет, 4 кесте, 3 сызба түрінде көрнекілік сипат алған.	
	8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ија;</u> 2) жоқ	Диссертациялық жұмысты орындау барысында теориялық корытындылар, тұжырымдар және ұсыныстар нақты материалдарға негізделе отырып талданса, FrameNet корпусы алғаш рет лексика-семантикалық және концептілік талдау жасау арқылы дәйектелген. Сондай-ақ ізденуші алынған нәтижелерді тәжірибеде қолдану мақсатымен гуманитарлық салада білім алып жатқан студенттерге дәріс оқып, сабак беру арқылы зерттеу нәтижелерінің дұрыстығын дәлелдейген.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасау арқылы расталған. Диссертациялық жұмысты жазу барасында пайдаланылған әдебиеттердің бір бөлігін жалпы тіл білімінде танылған ғалымдардың еңбектері құраса, екінші бір қомақты бөлігін отандық тілтаным саласында мойындалған, өзіндік орны бар зерттеушілердің еңбектері құраған. Сондай-ақ жұмыстың мазмұнын нақты тілдік деректермен нақтылай түсетін материал А Қосымшасында берілген. Диссертацияда ғылыми еңбектер теориялық негізdemесін растау үшін алынса, деректерді дәйектеу үшін діни дискурстан мысалдар алынған және сілтемемен расталған.	
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті /жеткіліксіз	Зерттеу барысында пайдаланылған әдебиет тізімі әдеби шолуға жеткілікті . Қаралған, сараланған ғылыми әдебиеттің жалпы саны – 171. Диссертациялық жұмыста отандық және	

			шетелдік авторлардың тақырыпқа қатысты еңбектері тиімді қарастырылған.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иля</u> ; 2) жоқ	Жұмыс қазіргі антропоөзекті зерттеулер қатарына енеді, ол тілдегі адам болмысына қатысты қалыптасқан білімдер жүйесін толықтырады және нақтылай түседі. Қоғам өмірінің аса маңызды саласы дін мен нарыққа қатысты қолданылатын тілдік бірліктердің ұжымдық сананы манипуляциялаушы құралдар ретінде жұмсалуы жөніндегі тұжырымдары өзге де ұғымдар мазмұнын айқындаушы тілдік бірліктерді кешенді зерттеуге жол ашады. Келешекте когнитивтік лингвистика, теолингвистика, этнолингвистика салаларындағы тың ізденістерге өзіндік үлес қосады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иля</u> ; 2) жоқ	Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық зерттеу нәтижесінде жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдауларды жоғары оқу орындарында оқытылатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану, теолингвистика, когнитивтік лингвистика, мифолингвистика, дінтануға кіріспе, дін тарихы сияқты пәндер бойынша дәріс окуда, семинар сабактарында пайдалануға болады. Зерттеу материалдарын оқулық, оқу құралдарын жазуда, сондай-ақ курс жұмыстары мен диплом жобаларын дайындауда қолдану ұсынылады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады. Себебі «қарыз бен парыз» концептілері тіл мен дін сабактастыры тұрғысынан алғаш рет кешенді түрде қарастырылған. Диссертанттың жұмысын өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, ғылыми жаңалығы, алынған нәтижелері мен практикалық маңыздылығы тұрғысынан философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын талаптарға толығымен сәйкес келетін аяқталған ғылыми зерттеу деп танимыз.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) орташадан төмен;	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай жазылған. Нормативтік сілтемелер,

	4) төмен.	белгілеулер мен анықтамалар талапқа сай жүйелі жасалған. Диссертациялық жұмыс ізденушінің кәсіби біліктілігі жоғары екенін көрсетеді.
--	-----------	--

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан баска);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Кульманова Зульфия Бекбулатовнаның «8D02314 – Лингвистика» мамандығы бойынша дайындалған «Тіл мен дін контекстіндегі «Қарыз бен Парыз» концептісінің репрезентациясы» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімізді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептейміз.

Рецензент:

Халықаралық білім беру корпорациясы,
Қазақ-Америка университеті жаңындағы факультет
профессоры, филология ғылымдарының докторы

Сүйерқұл Б.М.

Сүйерқұл Б.М.

